

**"Арал ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 119-қ қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қазандағы № 262-қ қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңын басшылыққа ала отырып, Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арал ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 119-қ қаулысының (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 17 маусымында № 5014 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2015 жылғы 27 маусымдағы № 48 (10096) және 2015 жылғы 1 шілдедегі № 49 (10097) сандарында ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Өтешов Рүстем Баймырзаұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*АУДАН ӘКІМІ*

*А. МҰХИМОВ*